№10(28) 2025

Ынабат

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



«ДОСБОЛLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ: БУЛЛИНГПЕН КҮРЕСТЕГІ ЖАҢА КЕЗЕҢ

ПРОГРАММА «ДОСБОЛLIKE»: НОВЫЙ ЭТАП БОРЬБЫ С БУЛЛИНГОМ

БАЛАЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІ ҮШІН / ВО ИМЯ И В ИНТЕРЕСАХ ДЕТЕЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ПРОСВЕЩЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ ПО ОХРАНЕ ПРАВ ДЕТЕЙ



ҚЫМБАТТЫ ДОС!
СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ АРҚЫЛЫ КӨМЕКТЕСУ ҚҰПИЯ ЖӘНЕ ТЕГІН!

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің қолдауымен Telegram мессенджерінде 2019 жылдан бастап кәмелетке толмағандарға қатысты құқықтардың бұзылуын, зорлық-зомбылықты немесе қатыгез қарым-қатынасты анықтау мақсатында құрылған «Bala Qorgau» чаты жұмыс істейді.

Өтініштерге жедел жауап беру мақсатында **24/7 режимінде** **BalaQorgaubot2.0** телеграмм-боты **іске қосылды.**



ДОРОГОЙ ДРУГ!
ПОМОЩЬ ПО ТЕЛЕФОНУ ДОВЕРИЯ АНОНИМНА И БЕСПЛАТНА!

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

При поддержке Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан в мессенджере Telegram с 2019 г. функционирует чат «BalaQorgau», который создан с целью выявления нарушения прав, насилия или жестокого обращения в отношении несовершеннолетних.

Для оперативного реагирования на обращения **в режиме 24/7 работает** телеграмм-бот **BalaQorgauBot2.0.**

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН АМАНДЫҒЫ БІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДА!

ЖАЙ ҒАНА ТЕЛЕФОНҒА ҚОҢЫРАУ ШАЛЫҢЫЗ, СІЗГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ!

БЕЗОПАСНОСТЬ И БЛАГОПОЛУЧИЕ ДЕТЕЙ В НАШИХ РУКАХ!

ПРОСТО ПОЗВОНИ ПО ТЕЛЕФОНУ, И ТЕБЕ ПОМОГУТ!

АСТАНА Қ. КОДЫ / КОД Г. АСТАНЫ +7(7172) 74 25 28

ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАНДАР!

Күздің алтын айы – қазан да келіп жетті. Табиғаттың әрбір демі, әрбір сыбдыры бізге терең ой салып, сабыр мен даналыққа шақырып тұрғандай. Қазан – бұл тек жапырақтардың сыбдыры мен салқын самал ғана емес, бұл – ішкі ізденіс пен рухани жаңғырудың айы.

Қазан айы – білім мен тәрбиеге, ұрпақ болашағына деген жауапкершілікті терең сезінетін кезең. Бұл – мектеп қабырғасындағы алғашқы жетістіктер мен жаңа мақсаттардың айқындала түсетін шағы. Балаларымыздың көзіндегі ұмтылыс, жүрегіндегі сенім – бізге үміт сыйлайды.

Қазан айының алғашқы жексенбісі – елімізде Ұстаздар күні ретінде аталып өтетін ерекше күн. Бұл күн – ұрпақ тәрбиесіне бар өмірін арнаған жандарға деген халықтың алғысы мен құрметінің көрінісі.

Ұстаз – балаға білім беретін ғана емес, оның ішкі әлеміне сәуле түсіретін, өмірге деген көзқарасын қалыптастыратын, адамдық болмысын шыңдайтын тұлға. Ұстаз – баланың жүрегіне алғаш болып үміт ұялататын, оның жан жарасын байқап, емдей алатын, болашағына сенім сыйлайтын жан. Сондықтан бұл мереке – тек ұстаздар қауымының емес, бүкіл қоғамның рухани мерекесі.

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Республикалық педагогтер съезінде сөйлеген сөзінде ұстаздардың қоғамдағы рөліне ерекше тоқталды. Ол жиынға қатысушыларды Ұстаздар күнімен құттықтап, еліміздің болашағы жарқын, дамыған мемлекетке айналуы үшін мұғалімдер қауымы аянбай еңбек етіп жүргенін атап өтті. Президент Ахмет Байтұрсынұлының «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген сөзін келтіре отырып, бұл ұлағатты ойдың бүгінгі күні де өзектілігін атап өтті.

ДОРОГИЕ ЧИТАТЕЛИ!

Золотой осенний месяц – октябрь – уже наступил. Дыхание природы, каждый ее шорох словно призывают нас к глубоким размышлениям, терпению и мудрости. Октябрь – это не просто шелест опавших листьев, дожди и прохладный ветер. Это месяц внутреннего поиска и духовного обновления.

В это время в школьных стенах начинают проявляться первые успехи, формируются новые цели. Устремленные в будущее взгляды, надежды и мечты детей, их вера в прекрасное далёко возлагают на нас, взрослых, особую ответственность...

5 октября в нашей стране отмечается День учителя – особенный праздник. Это день благодарности и уважения к тем, кто посвятил свою жизнь воспитанию будущих поколений.

Учитель – это не просто человек, дающий знания. Это личность, озаряющая внутренний мир ребенка, формирующая его мировоззрение и взгляды на жизнь, высокие человеческие качества. Учитель – тот, кто первым вселяет надежду в детские сердца, лечит душевные раны, помогая исцелиться, дарит уверенность в будущем. Это праздник не только профессиональный, но и духовный для всего общества...

Глава государства Касым-Жомарт Токаев в своем выступлении на Республиканском съезде педагогов особо подчеркнул роль учителей в обществе. Он процитировал слова выдающегося казахского просветителя Ахмета Байтурсынова: «Мы должны начинать исправление страны с исправления дела обучения детей», подчеркнув, что эта мысль остается актуальной и сегодня.



«Білім мен ғылым – табысқа жетудің кілті. Өскелең ұрпаққа лайықты тәрбие мен сапалы білім беру – аса маңызды міндет. Сондықтан сіздерге, құрметті ұстаздар, үлкен жауапкершілік жүктеледі...

Міржақып Дулатовтың «Ұстаз – халыққа ең үлкен пайда келтіретін адам» деген сөзі бар. Ол әр балаға өмір жолында бағыт-бағдар береді. Кез келген қоғамның даму деңгейі мен өркениеттілігі ұстаздарға деген көзқарасымен өлшенеді. Ұстаз еңбегі құрметтелетін елде білімді ұрпақ өсіп жетіледі, ал оларды жарқын болашақ күтіп тұр.

Барлық педагогтердің елдің өркендеуіне қосқан үлесі баға жетпес. Сондықтан ағарту саласында еңбек етіп жүрген барлық отандастарымызға шынайы алғысымды білдіремін...

Бүгінде білім беру нарығында бәсекелестік артып келеді, көптеген жастар мұғалім мамандығын таңдауға ұмтылуда. Олардың арасында мектепті «Алтын белгімен» аяқтаған түлектердің көп болуы қуантады. Мемлекет өз тарапынан мұндай азаматтарды әрдайым қолдайтын болады...

Жалпы, ағарту саласында жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр, оң нәтижелерге қол жеткізілді. Мәселен, өткен жылдан бері мыңнан астам оқушы түрлі пәндер бойынша халықаралық білім олимпиадаларының жеңімпазы атанды. Бұл педагогтердің белсенді жұмысы мен жас дарындардың табанды еңбегінің арқасында мүмкін болды.

Білетіндеріңіздей, тамыз айында мен Ақордада олимпиада жеңімпаздары және жүлдегерлерімен кездесу өткізіп, оларға арнайы сертификаттар табыс еттім. Бұл игі бастама өз жалғасын табады...

Қазіргі әлемнің шындығына айналған цифрландыру мен жасанды интеллект тақырыбына мен өз Жолдауымда ерекше назар аудардым. Балаларға мектеп қабырғасынан бастап цифрлық сауаттылықты үйрету қажет. Оқушылар оқу процесінде озық технологияларды тиімді пайдалана білуі тиіс. Бұл мұғалімдерге де қатысты: педагогтер заманауи дағдыларды меңгеруі маңызды. Білім беру жүйесінде жасанды интеллектті кеңінен қолдану қажет. Цифрлық мемлекетке айналу – бір күндік міндет емес. Бұл – мектеп білім беру жүйесінен бастап түбегейлі жаңа тәсілдерді енгізу туралы. Құрметті ұстаздар, осы маңызды миссияны жүзеге асыруда белсенділік танытатыныңызға сенімдімін...»

«Образование и наука – ключ к успеху. Дать подрастающему поколению достойное воспитание и качественные знания – крайне важная задача. Поэтому на вас, уважаемые учителя, возлагается большая ответственность...

Миржакыпу Дулатову принадлежат слова: «Учитель – это человек, приносящий самую большую пользу народу». Он дает каждому ребенку ориентиры на его жизненном пути. Уровень развития и цивилизованности любого общества определяется его отношением к учителям. Безусловно, в стране, где чтят труд учителей, вырастет образованное поколение, которое ждет светлое будущее.

Все педагоги трудятся с особой самоотдачей, их вклад в процветание страны бесценен. Поэтому выражаю искреннюю благодарность всем нашим соотечественникам, работающим на ниве просвещения...

Сегодня конкуренция на рынке образования растет, многие молодые люди стремятся получить профессию учителя. Отрадно, что среди них немало выпускников, окончивших школу со знаком «Алтын белгі». Со своей стороны государство будет всегда поддерживать таких граждан...

В целом, в сфере просвещения ведется системная работа, достигнуты положительные результаты. Например, с прошлого года более тысячи учащихся стали победителями международных образовательных олимпиад по различным предметам. Это стало возможным благодаря активной работе педагогов и усердному труду юных талантов.

Как вы знаете, в августе я провел в Акорде встречу с победителями и призерами олимпиад и вручил им специальные сертификаты. Это доброе начинание получит свое продолжение...

Реальностью современного мира стали цифровизация и искусственный интеллект. Именно поэтому в своем недавнем Послании я уделил особое внимание этой теме. Детям со школьной скамьи необходимо прививать цифровую грамотность. Учащиеся должны уметь эффективно использовать передовые технологии в процессе обучения. Это касается и учителей: педагогам важно осваивать современные навыки. Следует широко применять искусственный интеллект в системе образования. Превращение в цифровое государство – задача не одного дня. По сути, речь идет о внедрении кардинально новых подходов начиная с системы школьного образования. Уверен, вы, уважаемые учителя, проявите активность в осуществлении этой важной миссии...»

Биыл алғыс хаттар, мадақтамалар және марапаттармен тек мектеп мұғалімдері ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтері ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарының ұстаздары, педагогика саласының ардагерлері де марапатталды. Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтер де марапатталғандар қатарында.

Білім беру жүйесінің барлық деңгейіндегі өкілдерге көрсетілген мұндай құрмет әрбір педагогтің еңбегінің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді...

Сондай-ақ қазан айында біз ұлттық мереке – ***Республика күнін*** атап өтеміз.

Бұл – еліміз үшін маңызды күн. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақстан бүкіл әлемге егемендігін жариялап, жаңа тәуелсіз мемлекет құруды бастады. Бүгінде біз саяси және экономикалық салалардағы жетістіктерімізбен, халықаралық аренадағы табыстарымызбен мақтанамыз.

Қазан – тереңдік пен тыныштық, рухани ізденіс пен ішкі әлемді ашу айы. Бұл уақытта біз өзімізге және айналамызға назар аударамыз, рухани тазаруға және жаңаруға ұмтыламыз. Бұл – жүрекке үміт, жанға сенім, ақылға серпін сыйлайтын кезең.

Күздің көңілге үміт сыйлайтын мезгілінде сіздерге шабыт, шығармашылық табыс, сенімділік пен үйлесімділік тілейміз. Жүрегіңіздің жылуы көптеген балаларға үміт сыйласын. Сеніміңіз көптеген отбасыларға тірек болсын. Жаңа ай жаңа ойлармен, жаңа үміттермен және жаңа үндестікпен басталсын.

Біз сіздермен бірге ойланамыз, ізденеміз, дамимыз. Бұл серіктестік – біздің ең үлкен құндылығымыз.

В этом году благодарственными письмами, грамотами и наградами отметили труд не только учителей школ, но педагогов технического и профессионального образования, организаций образования для детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, ветеранов педагогической сферы. Также в числе награжденных педагоги, работающие с детьми с особыми образовательными потребностями.

Такое внимание к представителям всех уровней системы образования показывает, насколько важен труд каждого педагога...

Также в октябре мы отмечаем национальный праздник – ***День Республики.***

Это важная для нашей страны дата. С 25 октября 1990 г., объявив всему миру о суверенитете, Казахстан начал создавать новое независимое государство. Сегодня мы гордимся достижениями в политической и экономической сферах, успехами на международной арене.

Октябрь – месяц глубины и тишины, духовного поиска и раскрытия своего внутреннего мира. В это время мы обращаем внимание на себя и окружающих, стремимся к нравственному очищению и обновлению. Это период, дарящий надежду сердцу, веру душе и импульс разуму.

В этот наполненный глубоким смыслом месяц желаем вам вдохновения, реализации своего творческого потенциала, уверенности и гармонии. Пусть тепло вашего сердца подарит надежду многим детям. Пусть ваша вера станет опорой для многих семей. Пусть новый месяц начнется с новых мыслей, новых надежд и нового созвучия.

Мы размышляем вместе с вами, ищем вместе с вами, развиваемся вместе с вами. Это партнерство – наша самая большая ценность.



МАЗМҰНЫ
содержание

ОҚЫРМАНДАРҒА / К ЧИТАТЕЛЯМ 3

КҮН ТАҚЫРЫПТАРЫ / ТЕМЫ ДНЯ

ҰСТАЗ – ҰЛТ ШАМШЫРАҒЫ
УЧИТЕЛЬ – СВЕТ НА ПУТИ НАРОДА 8

ҰСТАЗ – ҰЛТ ШАМШЫРАҒЫ: «ӨРКЕН» ИНСТИТУТЫНДАҒЫ РУХАНИ МЕРЕКЕ

УЧИТЕЛЬ – СВЕТ НА ПУТИ НАРОДА: ДУХОВНЫЙ ПРАЗДНИК В ИНСТИТУТЕ «ӨРКЕН»



ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП – СЕНІМДІ БОЛАШАҚ
БЕЗОПАСНАЯ ШКОЛА – УВЕРЕННОЕ БУДУЩЕЕ 12

«ДОСБОЛІКЕ» БАҒДАРЛАМАСЫ: БУЛЛИНГПЕН КҮРЕСТЕГІ ЖАҢА КЕЗЕҢ

ПРОГРАММА «ДОСБОЛІКЕ»: НОВЫЙ ЭТАП БОРЬБЫ С БУЛЛИНГОМ



ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҮНІ
ГОЛОС МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ 15

МЕНІҢ МЕКТЕБІМ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ

МОЯ ШКОЛА ПРОТИВ БУЛЛИНГА



ЕРЕСЕКТЕРГЕ ДЕГЕН СЕНІМ – БАЛАНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЕГІЗІ
ДОВЕРИЕ К ВЗРОСЛЫМ – ОСНОВА БЕЗОПАСНОСТИ РЕБЕНКА 20

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

ГОРИЗОНТЫ СОТРУДНИЧЕСТВА



БІЛІМ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ
ОБРАЗОВАНИЕ И БУДУЩЕЕ 36

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢАРТУ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚЫТУ

ОБНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ: ОБУЧЕНИЕ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
ЗАКОН И ПОРЯДОК 40

БАЛАЛЫҚ ШАҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ

НА СЛУЖБЕ ДЕТСТВУ



ПЕДАГОГТЕРГЕ / ПЕДАГОГАМ

САНАЛЫ ИНТЕРНЕТ: ТӘРБИЕ МЕН ҚАУІПСІЗДІК:
ОСОЗНАННЫЙ ИНТЕРНЕТ: ВОСПИТАНИЕ И БЕЗОПАСНОСТЬ 42

КИБЕРКЕҢІСТІКТЕГІ СЕНІМ МЕН САҚТЫҚ: ӘР ӘРЕКЕТ МАҢЫЗДЫ

ДОВЕРИЕ И ОСТОРОЖНОСТЬ В КИБЕРПРОСТРАНСТВЕ: КАЖДОЕ ДЕЙСТВИЕ – ЗАЩИТА ИЛИ УГРОЗА



БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ БІЛІМ МЕН БІРЛІК
ОБРАЗОВАНИЕ И ЕДИНСТВО ПРОТИВ БУЛЛИНГА 50

Н. Н. Жадраева
ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ МЕН ЖОЛДАРЫ

Н. Н. Жадраева
МЕРЫ И СПОСОБЫ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ БУЛЛИНГА СРЕДИ ПОДРОСТКОВ



ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНЫҢ ИНДИКАТОРЫ
БЕЗОПАСНОСТЬ – ГЛАВНЫЙ ИНДИКАТОР ШКОЛЬНОЙ СРЕДЫ 54

М. Ч. Жакатаева
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ РӨЛІ

М. Ч. Жакатаева
РОЛЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В СОВРЕМЕННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ



АТА-АНАЛАРҒА / РОДИТЕЛЯМ

БАЛАЛЫҚ ШАҚ – ЗАҢНЫҢ ҚОРҒАУЫНДА
ДЕТСТВО ПОД ЗАЩИТОЙ ЗАКОНА 60

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ


БЕЗОПАСНОСТЬ ДЕТЕЙ – ЦЕННОСТЬ, ЗАЩИЩЕННАЯ ЗАКОНОМ



РУХ ПЕН ТӘРБИЕ: БАЛАНЫҢ ІШКІ ӘЛЕМІНЕ ҮҢІЛУ
ВОСПИТАНИЕ ДУШИ: ВЗГЛЯД ВО ВНУТРЕННИЙ МИР РЕБЕНКА 67

С. Е. Нурахметова
ІШКІ ҰШҚЫН МЕН РУХАНИ ІЗДЕНІС: PIXAR ФИЛОСОФИЯСЫ

С. Е. Нурахметова
ИСКРА И ДУХОВНЫЙ ПОИСК: ФИЛОСОФИЯ PIXAR



БАЛАЛАРҒА / ДЕТЯМ

ПСИХОЛОГТІҢ КЕҢЕСІ
СТРАНИЦА ПСИХОЛОГА 73

С. Е. Башкаева
БІР НӘРСЕ МАЗАЛАП ЖҮР МЕ?
УАЙЫМДАЙСЫҢ БА?
ЖАНЫҢДЫ ЖАБЫРҚАТА МА?
ҮМІТІҢДІ ҮЗБЕ!

С. Е. Башкаева
ЧТО-ТО ТРЕВОЖИТ?
БЕСПОКОИТ?
ПЕЧАЛИТ?
НЕ УНЫВАЙ!

ҚАРА, ТЫҢДА, ҮЙРЕН!
СМОТРИ, СЛУШАЙ, УЧИСЬ! 75

ОЙЛАНУ ҚАБІЛЕТІН ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ДАМУДЫ ЖЕТІЛДІРУГЕ АРНАЛҒАН БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАР


ВИДЕОМАТЕРИАЛЫ ДЛЯ УМЕНИЯ РАЗМЫШЛЯТЬ И ОБЩЕГО РАЗВИТИЯ



ӨЗІМІЗДІ БАСҚАРЫП ҮЙРЕНЕЙІК
УЧИМСЯ УПРАВЛЯТЬ СОБОЙ 77

ДЕНЕДЕГІ ЭМОЦИЯЛАР: ӨЗІҢДІ ҚАЛАЙ СЕЗІНЕТІНІҢДІ СУРЕТТЕ

ЭМОЦИИ В ТЕЛЕ: НАРИСУЙ, КАК ТЫ СЕБЯ ЧУВСТВУЕШЬ



ҰСТАЗ – ҰЛТ ШАМШЫРАҒЫ:
«ӨРКЕН» ИНСТИТУТЫНДАҒЫ РУХАНИ МЕРЕКЕ



УСТАЗ – ҰЛТ ШАМШЫРАҒЫ:
ДУХОВНЫЙ ПРАЗДНИК В ИНСТИТУТЕ «ӨРКЕН»

Мұғалімдер күні – адамзат өркениетінің ең асыл маман иелеріне арналған ерекше мереке. Бұл – ұрпақ тәрбиесі мен білім беру жолында қажырлы еңбек етіп жүрген ұстаздарға алғыс білдіру, еңбегін құрметтеу, рухани құндылықтарды дәріптеу күні.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен биылғы мереке ***«Ұстаз – ұлт шамшырағы» атты онкүндік*** аясында кең көлемде аталып өтуде. Осы бастама аясында еліміздің барлық өңірлерінде «Ұстазыңды құттықта!» атты челлендж бастау алып, ұстаздарға деген құрмет пен ризашылықтың шынайы көрінісіне айналды.

День учителя – особенный праздник, посвященный представителям самой благородной профессии. Это день выражения благодарности педагогам, которые трудятся над самым главным – воспитанием и образованием Человека. Огромна их роль в формировании и продвижении в обществе духовных, нравственных и морально-этических ценностей.

По инициативе Министерства просвещения Республики Казахстан в этом году праздник отмечается в широком формате в рамках ***Декады «Ұстаз – ұлт шамшырағы».*** Во всех регионах страны стартовал *челлендж «Ұстазға алғыс!»*, который стал ярким проявлением уважения, благодарности и признательности педагогам.

Осы игі бастаманы қолдай отырып, «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты Мұғалімдер күніне орай ерекше мазмұнды әрі рухани бай іс-шара ұйымдастырды. Бұл шара – тек мерекелік көңіл-күй сыйлап қана қоймай, ұстаздар қауымының еңбегін бағалауға, олардың адам өміріндегі маңызын терең түсінуге бағытталған.



Поддерживая эту благородную инициативу, Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен» организовал к Дню учителя особое, содержательное и духовно насыщенное мероприятие. Это событие не только подарило праздничное настроение, но и было направлено на признание труда педагогов, глубокое осмысление их роли и значимости в жизни каждого человека и всего общества.



Каждое слово, каждое пожелание стало выражением признания труда учителя и осознания его роли в жизни человека.

Ұстазға деген алғыс – жүректен шыққан сөз. Іс-шара барысында институт қызметкерлері мен арнайы шақырылған қонақтар еліміздің білім беру саласына өлшеусіз үлес қосқан, бірнеше буынды тәрбиелеп, білім нәрімен сусындатқан, өз мамандығына деген сүйіспеншілігімен, адалдығымен үлгі болған құрметті педагогтерге алғыс пен ризашылықтарын білдіру мүмкіндігіне ие болды. Бұл – тек формалды құттықтау емес, жүректен шыққан шынайы сөздер, өмірлік тәжірибеге негізделген терең құрметтің көрінісі болды.

Қатысушылардың жылы лебіздері мен жүрекжарды тілектері ұстаздарға деген шексіз сүйіспеншілікті паш етіп, шараны қуаныш пен жылылыққа толы әсерлі атмосфераға айналдырды.

Концерттік бағдарлама – рухани симфония. Мерекелік шараның шырайын келтірген ерекше сәттердің бірі – институт ұжымы мен «Бөбек» орталығы гимназиясының мұғалімдері мен оқушылары бірлесіп дайындаған концерттік бағдарлама болды. Бұл бағдарлама – тек өнер туындысы ғана емес, ұстаздарға деген құрмет пен ізгілік, биік адами құндылықтардың нағыз симфониясы болды.

Әрбір сөз, әрбір тілек – ұстаздың еңбегін бағалаудың, оның адам өміріндегі орнын түсінудің көрінісі болды.

Благодарность учителю – слова, идущие от сердца. В ходе мероприятия сотрудники и гости института получили возможность выразить благодарность и признательность уважаемым педагогам-ветеранам, которые внесли неоценимый вклад в сферу образования страны, воспитали несколько поколений, щедро делились знаниями, стали примером любви к профессии и преданности своему делу. Это было не просто формальное поздравление, а искренние слова, исходящие из глубины сердца, проявление благодарности и признательности.

Теплые слова и добрые пожелания участников стали ярким выражением безграничной любви к учителям, наполнив мероприятие трогательной атмосферой радости, душевности и взаимной доброжелательности.

Концертная программа – духовная симфония. Одним из ярких моментов праздничного мероприятия стала концертная программа, подготовленная коллективом института совместно с педагогами и учениками гимназии Центра «Бөбек». Эта программа была не просто произведением искусства, а настоящей симфонией уважения, доброты и высоких человеческих ценностей.

Ұстаз – ұлттың рухани тірегі. *Ұстаз – тек білім беруші ғана емес, ұлттың рухани тірегі, болашақтың сәулесін жаққан шамшырақ. Оның еңбегі – ұрпақ тәрбиесімен өлшенеді.*

Учитель – духовная опора нации. *Он не просто носитель знаний, а источник силы духа и могущества народа, маяк, озаряющий его будущее. Труд педагога измеряется воспитанием поколений.*



Оқушылардың орындауындағы ән мен би, көркем сөздер мен сахналық қойылымдар көрермендердің жүрегіне жол тауып, ұстаздар қауымына рухани қуаныш сыйлады. Әрбір өнер туындысы – ұстаздың еңбегіне деген алғыстың, оның адам өміріндегі маңызын түсінудің көркем көрінісі болды.

Осы мерекелік шара арқылы «Өркен» институты ұстаздар қауымына деген шынайы құрметін білдіріп қана қоймай, қоғамда ұстаздың рөлін айшықтап, жас ұрпақтың бойына адамгершілік пен рухани байлықты сіңіру жолында маңызды қадам жасады.

Іс-шара соңында қатысушылар ұстаздарға арналған алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыстап, олардың еңбегін бағалаудың нақты көрінісін көрсетті.

Бұл – ұстаздарға деген құрметтің, олардың қоғамдағы орнын терең түсінудің, сондай-ақ халықтың тарихи, рухани және мәдени мұрасын жаңғырту мен сақтаудағы рөлін айқын көрсететін жарқын үлгі болды.

Песни и танцы, чтение стихов и сценические постановки нашли живой отклик в сердцах зрителей, подарив педагогам душевную радость и сердечную теплоту. Каждое выступление стало художественным выражением благодарности за труд учителя и осознания его значимости в жизни человека.

Благодаря этому праздничному мероприятию коллектив института не только выразил искреннее уважение педагогическому сообществу, но и подчеркнул ключевую роль учителя в обществе, сделав важный шаг на пути привития молодому поколению нравственности и духовных ценностей.

В завершение мероприятия участники вручили благодарственные письма и памятные подарки учителям, продемонстрировав реальное признание их труда.

Это стало ярким примером уважения к педагогам, осознания их роли в обществе на пути возрождения и сохранения исторического, духовного и культурного наследия народа.

«ДОСБОЛLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ: БУЛЛИНГПЕН КҮРЕСТЕГІ ЖАҢА КЕЗЕҢ



«Өркен» Балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтында (БӘАҒҰПИ) еліміздің ***психологиялық қолдау орталықтарының директорларына арналған маңызды Республикалық семинар өтті.*** Бұл шара – жасөспірімдер арасындағы буллингтің алдын алуға бағытталған «ДосболLIKE» бағдарламасын кең көлемде енгізудің жаңа кезеңінің бастауы болды.

Семинарға еліміздің әр өңірінен келген Психологиялық қолдау орталықтарының жетекшілері қатысты. Олар «ДосболLIKE» бағдарламасы бойынша оқытудан өтіп, буллингпен күресудің заманауи құралдарын меңгерді. Бұл мамандар енді өз өңірлерінде бағдарламаның негізгі қатысушыларына айналып, мектептер мен колледждерде

В Национальном научно-практическом институте благополучия детей (ННПИБД) «Өркен» состоялся ***Республиканский семинар для директоров центров психологической поддержки.*** Это мероприятие стало началом нового этапа масштабного внедрения отечественной Программы «ДосболLIKE», направленной на профилактику буллинга в детско-подростковой среде.

В семинаре приняли участие руководители центров психологической поддержки из различных регионов страны. Они прошли обучение по Программе «ДосболLIKE» и освоили современные инструменты борьбы с буллингом. Эти специалисты теперь станут ключевыми участниками реализации и внедрения программы в своих

ПРОГРАММА «ДОСБОЛLIKE»: НОВЫЙ ЭТАП БОРЬБЫ С БУЛЛИНГОМ

«Мамандар балаларды дағдарыс жағдайында ерте анықтап, қолдау үшін заманауи құралдарға ие болуы өте маңызды. Бұл – олардың өмірін сақтап қалуға ықпал ететін шешуші фактор»

балалар үшін қауіпсіз және қолайлы орта қалыптастыруға белсенді атсалысады.

Буллинг – балалардың психологиялық қауіпсіздігіне тікелей қауіп. Семинар барысында «Өркен» (БӘАҒҰПИ) президенті Елена Николаевна Сакенова сөз сөйлеп, буллингтің жасөспірімдер арасында эмоционалдық күйзеліс пен суицидтік мінез-құлықтың негізгі қауіп факторларының бірі екенін атап өтті.

Оқыту форматы – тәжірибеге негізделген. Семинар шағын форматта ұйымдастырылып, қатысушыларға тәжірибелік білім беруге басымдық берілді. Бағдарлама интерактивті сессиялардан, проективті әдістер бойынрегионах, активно содействуя созданию безопасной и комфортной среды в школах и колледжах.

Буллинг – прямая угроза психологической безопасности детей. В ходе семинара президент ННПИБД «Өркен» Елена Николаевна Сакенова в своем выступлении отметила, что буллинг остается одним из основных факторов риска эмоционального стресса и суицидального поведения среди детей и подростков.

Формат обучения практико-ориентированный. Семинар был организован в компактном формате с акцентом на практическое обучение. Программа включала интерактивные



«Очень важно, чтобы специалисты обладали современными инструментами для раннего выявления детей, оказавшихся в кризисной ситуации, и оказания им поддержки. Это решающий фактор, способствующий сохранению их жизни и здоровья».



ша тренингтерден, интервизия шеберлік сабақтарынан және нақты күрделі жағдайларды талдаудан тұрды. Қатысушылар жасырын буллинг түрлерін анықтау, балалармен сенімді байланыс орнату және психологиялық көмектің тиімді жолдарын құру бойынша терең білім алды.

«ДосболLIKE» – ұлттық деңгейдегі бастама. 2025 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «ДосболLIKE» бағдарламасы еліміздің барлық мектептері мен колледждерінде ресми түрде енгізілді. Бұл бағдарлама білім беру мекемелерінде буллингтің алдын алудың негізгі құралына айналып, оқушылардың психологиялық әл-ауқатын жақсартуға бағытталған.

Бағдарлама аясында оқушылармен жұмыс істейтін мамандар арнайы оқытудан өтеді, ал білім беру ұйымдарында буллингке қарсы мәдениет қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар тұрақты түрде өткізіледі.

Бұл семинар еліміздегі білім беру жүйесінде балалардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы маңызды әрі өзекті қадам. «ДосболLIKE» бағдарламасы арқылы мамандар тек буллингтің алдын алып қана қоймай, жасөспірімдердің ішкі жан дүниесін түсініп, оларға дер кезінде қолдау көрсетуге мүмкіндік алады.

Бұл бастама – болашақ ұрпақтың дені сау, сенімді және қауіпсіз ортада өсіп-жетілуіне бағытталған ұлттық деңгейдегі маңызды қадам.

сессии, тренинги по проективным методам, мастер-классы по интервизии и разбор сложных случаев. Участники получили углубленные знания по выявлению скрытых форм буллинга, установлению доверительного контакта с детьми и построению эффективных путей психологической помощи.

«ДосболLIKE» – инициатива национального масштаба. С 1 сентября 2025 г. Программа «ДосболLIKE» официально внедрена во всех школах и колледжах страны. Она стала основным инструментом профилактики буллинга в образовательных учреждениях и направлена на улучшение психологического благополучия учащихся.

В рамках программы специалисты, работающие с детьми, проходят специальное обучение, а в учебных заведениях регулярно проводятся мероприятия, направленные на формирование антикультуры буллинга.

Семинар стал важным шагом на пути обеспечения психологической безопасности детей в системе образования страны. Благодаря Программе «ДосболLIKE» специалисты не только предотвращают буллинг, но и получают возможность глубже понять внутренний мир детей и подростков и своевременно оказать им необходимую поддержку.

Эта инициатива – значимый шаг национального уровня, направленный на то, чтобы будущее поколение росло в психологически здоровой, безопасной и благополучной среде.

МЕНІҢ МЕКТЕБІМ БУЛЛИНГКЕ ҚАРСЫ



МОЯ ШКОЛА ПРОТИВ БУЛЛИНГА

2025 жылдың 10–18 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының бастамасымен «Менің сыныбым буллингке қарсы» республикалық челленджі өткізілді. Бұл іс-шара еліміздің барлық өңірлеріндегі жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушылары мен педагогтерін біріктіріп, балалардың физикалық және психологиялық қауіпсіздігіне қоғам назарын аударуға бағытталды.

С 10 по 18 сентября 2025 г. в рамках выполнения государственного задания Министерства просвещения Республики Казахстан по инициативе Национального научно-практического института благополучия детей «Өркен» был проведен Республиканский челлендж «Моя школа против буллинга». Это мероприятие объединило учащихся и педагогов общеобразовательных организаций всех регионов страны и было направлено на привлечение внимания общества к физической и психологической безопасности детей.

Челлендждің басты мақсаты – *оқушылардың саналы түрде қауіпсіздік мәселелеріне мән беруін қалыптастыру, буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, мектеп қауымдастығы ішінде достық пен өзара түсіністікті нығайту болды.*

Основная цель челленджа – *формирование у учащихся осознанного отношения к вопросам безопасности, профилактика буллинга и кибербуллинга, а также укрепление дружбы и взаимопонимания внутри школьного сообщества.*

Іс-шара барысында оқушылар мен сынып жетекшілері арнайы дайындалған сценарий бойынша «Рух» әнінің сүйемелдеуімен флешмоб ұйымдастырды. Би элементтері арқылы балалар өздерінің ішкі рухын, даралығын және бірлігін бейнелеп, соңында ортақ символдық қимылмен бірікті. Бұл көрініс балалардың шығармашылық әлеуетін ашып, құқықтық тәрбиені эмоционалды түрде жеткізудің тиімді құралына айналды.

В рамках мероприятия учащиеся и классные руководители организовали флешмоб под сопровождение песни «Рух» согласно специально подготовленному сценарию. Через элементы танца дети выразили свой внутренний дух, индивидуальность и единство, завершив выступление общим символическим жестом. Это зрелище стало эффективным инструментом эмоциональной и правовой просветительской работы, раскрывая творческий потенциал детей.



Челлендждің барысында қатысушылар «Рух» сөзін немесе шеңберді дене қимылымен, жалаулармен немесе плакаттармен бейнелеп, соңғы аккордтарда әсерлі қимылдармен бірлік пен рухты көрсетті.

Іс-шара аяқталғаннан кейін мектептер әлеуметтік желілерде #Менің МектебімБуллингкеҚарсы2025 және #МояШколаПротивБуллинга2025 хэштегтерімен бейнероликтер мен фотосуреттер жариялап, Институттың ресми парақшаларын белгіледі. Бұл балалардың үнін кең аудиторияға жеткізудің тиімді алаңына айналды.

В кульминационный момент челленджа участники скандировали «Рух!», образуя с помощью движений, флагов и плакатов круг, а в финальных аккордах выразительными жестами продемонстрировали единство и силу духа.

После завершения мероприятия школы опубликовали видеоролики и фотографии в социальных сетях с хэштегами #Менің МектебімБуллингкеҚарсы2025 и #МояШколаПротивБуллинга2025, отметив официальные страницы института.

Челлендж стал эффективной площадкой для донесения голоса детей до широкой общественной аудитории.

«Менің сыныбым буллингке қарсы» челленджі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі жұмыстың жарқын көрінісі ретінде мектептерде құқықтық тәрбие мен эмоционалды қолдаудың жаңа форматын ұсынды. Балалар өздерінің ішкі рухын, бірлік пен достықты би арқылы бейнелеп, қоғамға маңызды үндеу жасады: «Біз буллингке қарсымыз. Біз біргеміз».

Челлендж «Мой класс против буллинга» стал ярким примером системной работы по обеспечению безопасности детей, предложив школам новый формат правового воспитания и эмоциональной поддержки. Через танец дети выразили свой внутренний дух, единство и дружбу, обращаясь к обществу с важным посланием: «Мы против буллинга! Мы вместе!»

19 қыркүйекте сағат 11:00-де Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушылары мен педагогтері ***«Менің мектебім буллингке қарсы» атты Республикалық флешмобқа*** белсенді түрде қатысты. Іс-шара Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында, балалардың құқықтарын қорғау және олардың әл-ауқатын қамтамасыз ету жүйесін ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық тұрғыда қолдау бағытында ұйымдастырылды.

Флешмобтың мақсаты – оқушылар мен педагогтер арасында антибуллингтік сана мен ойлауды қалыптастыру, сондай-ақ мектеп қауымдастығы ішінде әлеуметтік маңызы бар міндеттер негізінде бірігу мен өзара әрекеттестікті дамыту болды.

Іс-шара барысында білім беру ұйымдарының аумағында оқушылар «Рух» әнінің сүйемелдеуімен бірлескен би элементтерін орындап, ішкі рух пен бірлікті бейнелейтін символикалық қимылдар арқылы өз ұстанымдарын

19 сентября учащиеся и педагоги общеобразовательных организаций всех регионов страны приняли активное участие в ***Республиканском флешмобе «Моя школа против буллинга».*** Мероприятие было организовано в рамках выполнения государственного задания Министерства просвещения, направленного на научно-методическую и информационно-ресурсную поддержку системы защиты прав детей и обеспечения их благополучия.

Цель флешмоба – формирование антибуллингового сознания и мышления учащихся и педагогов, развитие взаимодействия и объединение школьного сообщества на основе социально значимых задач.

Во время мероприятия на территории образовательных организаций учащиеся исполнили совместные танцевальные элементы под сопровождение песни «Рух», выразив свою позицию через символические движения, олицетворяющие внутренний дух и единство. По завершении флешмоба школы опубликовали материалы



білдірді. Флешмоб аяқталғаннан кейін әлеуметтік желілерде арнайы хэштегтермен жариялап, институттың ресми парақшаларын белгіледі.

Б.Атыханұлы атындағы №36 гимназиядағы шара – осы кең ауқымды бастаманың жарқын көрінісі. «Өркен» институтының қатысуы бұл флешмобтың ғылыми және психологиялық маңызын арттыра түсті.

«Бүгінгі флешмобқа мыңдаған оқушы қатысты. Олар бір дауыспен сөйлеп, мектепте буллингке орын жоқ екенін көрсетті. Мұндай бастамалар балалардың жауапкершілігін арттырып қана қоймай, оқу ұжымдарындағы психологиялық ахуалды жақсартуға да ықпал етеді», – дейді мектептің педагог-психологі Нұргүл Нұрдаулетқызы.

Бастама балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қоғамдық маңызы бар бастама ретінде ел көлемінде кең қолдау тапты.

Енді бұл үндеуді естіп қана қоймай,

в социальных сетях с тематическими хэштегами, отметив официальные страницы института.

Мероприятие в гимназии №36 имени Б. Атыханулы – яркое отражение этой масштабной инициативы. Участие Института «Өркен» усилило научную и психологическую значимость данного флешмоба.

«В сегодняшнем флешмобе приняли участие тысячи учеников. Они заговорили в один голос, показав, что буллингу нет места в школе. Такие инициативы не только повышают ответственность детей, но и способствуют улучшению психологического климата в учебных коллективах», – отметила педагог-психолог школы Нургуль Нурдаулеткызы.

Инициатива получила широкую поддержку по всей стране как социально значимая мера, направленная на обеспечение безопасности детей.

Өткізілген челендж бен флешмоб – балалардың үнсіз қалмауға, өз сезімін, өз ұстанымын ашық білдіруге жасаған алғашқы қадамы. Әрбір қимыл, әрбір ортақ әрекет – олардың ішкі әлеміндегі сенім мен үміттің көрінісі.



Проведенные челлендж и флешмоб стали первым шагом детей к тому, чтобы не оставаться в стороне от проблем, а открыто выражать свои чувства и позицию. Каждый жест, каждое общее действие – это отражение веры и надежды, живущих в их внутреннем мире.

оны күнделікті тәжірибеге айналдыру – әрбір педагогтің, ата-ананың, қоғамның ортақ міндеті. Себебі қауіпсіз мектеп – тек тәртіптің емес, сенім мен қамқорлықтың мекені. Ал сенім мен қамқорлық – баланың ертеңгі тұлғалық қалыптасуының іргетасы.

Бұл флешмоб тек бір күндік акция емес, ол балалардың құқықтарын қорғау мен олардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған ұзақ мерзімді мәдени өзгерістің бастамасы болды. Әрбір мектеп аласында орын алған би – бұл үнсіз қалған балалардың даусын естірту, бір-біріне қолдау көрсету және зорлық-зомбылыққа қарсы тұрудың символына айналды. Қатысушылардың шығармашылығы мен бірлігі қоғамға маңызды хабар жеткізді: мектеп – тек білім ордасы емес, ол қауіпсіздік пен сенімнің кеңістігі болуы тиіс.

Балалардың дауысы естілді. Енді сол үнге әрекетпен жауап беру – біздің міндетіміз.

Дайындаған: ***С. Е. Нурахметова,***
редактор,
«Өркен» балалардың
әл-ауқатын арттыру ұлттық
ғылыми-практикалық институты,
Алматы қ.

Теперь важно не просто услышать этот призыв, а превратить его в повседневную практику – это общая задача педагогов, родителей и всего общества. Ведь безопасная школа – это не только порядок, но и пространство доверия и заботы. А доверие и забота – фундамент формирования личности ребенка.

Этот флешмоб не разовая акция, а начало долгосрочных кардинальных изменений, направленных на защиту прав детей и обеспечение их психологического благополучия. Танец, исполненный во дворах школ, стал символом поддержки, голосом тех, кто раньше молчал, и выражением сопротивления насилию. Творчество и единство участников донесли важное послание обществу: школа – это не просто место получения знаний, это пространство безопасности и доверия.

Голос детей был услышан. Теперь наша обязанность – ответить на него действиями.

Подготовлено ***С. Е. Нурахметовой,***
редактор,
Национальный
научно-практический институт
благополучия детей «Өркен»,
г. Алматы

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ



ГОРИЗОНТЫ СОТРУДНИЧЕСТВА

Іс-шара аясында балалардың киберқауіпсіздігі, кибербуллингтің алдын алу, желідегі жыртқыштардан қорғау және деструктивті ықпалдарға жауап берудің тұрақты механизмдерін қалыптастыру тақырыптары қозғалды.

В рамках мероприятия были затронуты темы кибербезопасности детей, профилактики кибербуллинга, защиты от интернет-хищников и формирования устойчивых механизмов реагирования на деструктивные влияния.

8 қазақ күні «Өркен» (БӘАҰҒПИ) балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтында **«Балалардың қауіпсіздігі – қоғамның басым бағыты» атты Халықаралық дөңгелек үстел өтті.**

Технология дамыған ғасырда әлеуметтік, психологиялық, моральдық-этикалық, рухани және адамгершілікке қатысты көптеген мәселелердің бар екені ешкімге құпия емес. Солардың ең кең таралған түрлерінің бірі – зорлық-зомбылық және оның көптеген түрлері: кемсіту, жәбірлеу (буллинг) және кибербуллинг. Бұл – қоғамға үлкен қауіп төндіретін құбылыс, шынайы зұлымдықтың көрінісі. Ең алаңдатарлығы – зорлық-зомбылық құрбандары көбінесе қоғамымыздың ең әлсіз мүшелері – балалар мен жасөспірімдер болып отыр.

8 октября в Национальным научно-практическим институте благополучия детей (ННПИБД) «Өркен» состоялся ***Международный круглый стол «Безопасность детей как приоритет общества».***

Ни для кого не секрет, что в нашем продвинутом в технологическом плане веке существует множество социальных, психологических, морально-этических, духовных и нравственных проблем. Одна из самых распространенных из них – насилие и его многочисленные формы: травля, буллинг и кибербуллинг. Это опасное социальное явление – настоящее зло. Особенно тревожит тот факт, что жертвами насилия все чаще становятся самые уязвимые члены нашего общества – дети и подростки.

***«Балалардың қауіпсіздігі – қоғамның басым бағыты» атты халықаралық дөңгелек үстелдің басты мақсаты** – балаларды қорғау және олардың қауіпсіздігіне төнетін қауіптердің алдын алу саласында тәжірибе алмасу мен тиімді шешімдерді іздеу үшін мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, психологтердің, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің және сарапшылар қауымдастығының күш-жігерін біріктіру.*

***Главная цель Международного круглого стола «Безопасность детей как приоритет общества»** – объединить усилия государственных органов, международных организаций, психологов, представителей неправительственных организаций и экспертного сообщества для обмена опытом и поиска эффективных решений в сфере защиты детей и профилактики угроз их безопасности.*

Дөңгелек үстел жұмысына ІІМ мен киберполиция өкілдері, Kaspersky зертханасының мамандары, балалар және клиникалық психологтер, сондай-ақ Түркия, Испания және Қырғызстаннан келген сарапшылар қатысты. Спикерлер қатарында профессор ***Maiya Myrzabekova Bozok*** *(Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi), психология кафедрасының профессоры* ***Herman Grobler*** *(КИМЭП университеті), психология ғылымдарының докторы* ***Мануель Мартинес Санчес*** *(Испания), ЮНЕСКО-ның әлеуметтік бағдарламалар бойынша ұлттық үйлестірушісі* ***Жылдыз Казиева (Қырғызстан)****, сондай-ақ «Өркен» БӘАҒҰПИ президенті* ***Елена Николаевна Сакенова*** және жетекші ғылыми қызметкерлер.

В работе круглого стола приняли участие представители МВД и киберполиции, специалисты Лаборатории Касперского, детские и клинические психологи, а также эксперты из Турции, Испании и Кыргызстана. Среди спикеров профессор ***Maiya Myrzabekova Bozok*** *(Ankara Hacı Bayram Veli Üniversitesi), профессор кафедры психологии* ***Herman Grobler*** *(Университет КИМЭП), доктор психологии* ***Мануель Мартинес Санчес*** *(Испания), национальный координатор ЮНЕСКО по социальным программам* ***Жылдыз Казиева*** *(Кыргызстан),* а также президент *ННПИБД «Өркен»* ***Елена Николаевна Сакенова*** и ведущие научные сотрудники.



Дөңгелек үстелдің құрметті қонағы – *ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттер жақындасу орталығы директорының орынбасары* ***Салтанат Алиякпарқызы Ашимова.***

Дөңгелек үстелдің модераторы *– Арзу Мәлісовна Саликова*, «Өркен» БӘАҰҒПИ Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры.

Іс-шараға қатысушыларға құттықтау сөзін «Өркен» БӘАҰҒПИ президенті ***Елена Николаевна Сакенова*** арнады:

Гость круглого стола – ***Салтанат Алиякпарқызы Ашимова,*** *заместитель директора Центра сближения культур под эгидой ЮНЕСКО.*

Модератор круглого стола *Арзу Мэлисовна Саликова* – директор Департамента информационных технологий ННПИБД «Өркен».

С приветственным словом к участникам мероприятия обратилась ***Елена Николаевна Сакенова*** – президент ННПИБД «Өркен».



Құрметті әріптестер!

«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты коммерциялық емес акционерлік қоғамының негізі миссиясы -– ***әр боланың әл-ауқатын қайтамасыз ету.*** Біз тұлғаның толыққанды дамуы тек қолдау, қауіпсіздік пен қамқорлық жағдайында ғана мүмкін екеніне кәміл сенеміз.

Уважаемые коллеги!

Деятельность Некоммерческого акционерного общества «Национальный научно-практический институт благополучия детей «Өркен» строится вокруг ключевой миссии – ***обеспечения благополучия каждого ребенка.*** Мы убеждены, что только в условиях поддержки, безопасности и внимания возможно полноценное и гармоничное развитие личности.

БАЛАЛАРДЫҢ АМАНДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖОБАЛАР

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЖӘБІРЛЕУ (БУЛЛИНГ) ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША «ДОСБОЛLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫ

«ДосболLIKE» антибуллинг бағдарламасы қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мақсатында әзірленген.

Бағдарламаның ерекшелігі – оқушыларды әлеуметтік бағыттағы жобалық қызметке тарту арқылы жүзеге асырылуында. 1-сыныптан 11-сыныпқа дейінгі жобалардың тақырыптары мен мазмұны мектептердегі буллингтің алдын алуға және оны азайтуға, сондай-ақ балалардың әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамытуға бағытталған.

ПРОЕКТЫ ПО БЛАГОПОЛУЧИЮ ДЕТЕЙ

ПРОГРАММА ПО ПРОФИЛАКТИКЕ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ ТРАВЛИ (БУЛЛИНГА) ДЕТЕЙ «ДОСБОЛLIKE»

Антибуллинговая Программа «ДосболLIKE» разработана с целью создания безопасной и благополучной образовательной среды.

Особенность программы заключается в том, что она реализуется через вовлечение обучающихся в социально направленную проектную деятельность. Тематика и содержание проектов с 1 по 11 классы направлены на профилактику и снижение травли в школах, а также на развитие социально-эмоциональных навыков детей.

«ДОСБОЛLIKE» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СЫНАҚ НӘТИЖЕЛЕРІ



01 — 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда тікелей де, жанама да агрессорлар саны **1,5%-ға** азайды.

02 — 2025 жылы 2024 жылмен салыстырғанда виктимдер (өздерін құрбан сезінетін балалар) саны **5,4%-ға** азайды.

03 — Педагогтер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастар **1,3%-ға** жақсарды.

04 — Балалар өздерінің құпияларын сеніп айта алатын және түсіністік пен жанашырлық таба алатын ересек менторлары бар балалар саны **3 есе** артты.

05 — Оқушылар арасындағы қарым-қатынастар **2,6%-ға** жылы жүзді, достық сипатқа ие болды.

Сынақ нәтижелері жүйелі тәсіл мен барлық тараптарды (оқушыларды, педагогтерды, ата-аналарды) тарту шынымен де тиімді екенін көрсетті. Біз тек қана қақтығыстар санының азаюын ғана емес, сонымен қатар мектеп қауымдастығы ішіндегі сенімнің артуын да байқаймыз.

ПҚО әдіскерлері, әкімшілік, педагогтер, психологтар және пилоттық мектептердің сынып жетекшілері бағдарламаның келесі артықшылықтарын атап өтті

Ата-аналардың «ДосболLIKE» бағдарламасы аясындағы басты қызмет бағыты – ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтарындағы (АПҚО) сабақтарға қатысу. Ата-аналарға арналған тренингтер балалар мен жасөспірімдер арасындағы буллингті анықтау және алдын алу бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

АТА-АНАЛАРҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҚТАРЫ

Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталықтарының қызметінің өзектілігі – отбасының негізгі әлеуметтік институт ретінде маңыздылығымен айқындалады. Отбасының қызмет етуі мемлекеттің әл-ауқаты мен тұрақтылығына тікелей әсер етеді.

***Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсетудің мақсаты** – балалардың амандығы мен үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру.*

Міндеттері:

- балалардың амандығын қамтамасыз ету мақсатында ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамыту үшін жүйелі педагогикалық қолдау ұйымдастыру;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара әрекеттестікті нығайту;

Ключевое направление деятельности родителей в рамках реализации Программы «ДосболLIKE» – посещение занятий центров педагогической поддержки родителей (ЦППР). Тренинги для родителей направлены на формирование у них знаний и навыков по предотвращению и распознаванию травли в детско-подростковой среде.

ЦЕНТРЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ РОДИТЕЛЕЙ

Актуальность деятельности центров педагогической поддержки родителей определяется важностью семьи как базового социального института, функционирование которого напрямую влияет на государственное благополучие и стабильность.

***Цель педагогической поддержки родителей** – формирование культуры позитивного родительства для обеспечения благополучия и гармоничного развития детей.*

Задачи:

- организация системной педагогической поддержки родителей для развития педагогической культуры, психолого-педагогических и социальных компетенций родителей для обеспечения благополучия детей;
- укрепление взаимодействия между организацией образования и семьей в воспитании и развитии детей;

АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ



1 **Бірінші модуль — «Ішкі күш»** (балалар мен ата-аналар үшін) — эмоционалдық тұрақтылықты, өзіне деген сенімділікті, өзін-өзі реттеу мен сындарлы қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған.

2 **Екінші модуль — «Бала қауіпсіздігі»** — цифрлық және физикалық қауіпсіздік, төтенше жағдайлардағы мінез-құлық, дербестік пен сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру сияқты тақырыптарды қамтиды.

3 Үшінші модуль — ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына арналған — инклюзия, білім беру ортасына бейімделу, педагогтермен өзара іс-қимыл және жеке білім беру траекторияларын әзірлеу мәселелері бойынша практикалық қолдау ұсынады.

Ұсынылған модульдер жүйелі және сараланған тәсілді қамтамасыз етеді, бұл отбасылардың жас ерекшеліктерін, психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді және ата-аналардың білім беру үдерісіне ықпалдасуын күшейтеді.

- отбасылық тәрбие процесінде балалардың амандығын қамтамасыз етуге ата-аналардың ынтасын арттыру;

«ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІК» САБАҚТАРЫ

2024–2025 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында «Жеке қауіпсіздік» тақырыбында сабақтар енгізілді.

Сабақтың мақсаты – оқушылар мен тәрбиеленушілерге түрлі жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру, сондай-ақ ықтимал қауіп-қатерлерді танып, оларға дұрыс әрекет ету қабілетін дамыту.

Міндеттері:

- балалардың жеке қауіпсіздік туралы білімін арттыру;
- құқықтық сауаттылықты көтеру;
- өзін-өзі қорғау дағдыларын дамыту;
- жауапты мінез-құлықты қалыптастыру;
- психологиялық дайындықты қамтамасыз ету;
- әлеуметтік құзыреттілікті дамыту;
- ақпараттық қауіпсіздікті сақтау.

Мақсатты аудитория:

- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының тәрбиеленушілері;
6. Киберқауіпсіздік мамандарына немесе тиісті органдарға хабарласу: Егер шабуыл ірі көлемде болса немесе деректердің таралу қаупі бар болса, киберқауіпсіздік мамандарына немесе құқық қорғау органдарына хабарласу ұсынылады. Олар шабуылдың сипатын анықтап, техникалық көмек көрсете алады.

7. Деректердің резервтік көшірмесін жасау: қолда бар маңызды ақпаратты қауіпсіз ортаға – сыртқы дискке немесе сенімді бұлтты сақтау жүйесіне көшіру қажет. Бұл шабуыл салдарынан деректер жоғалған жағдайда қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

8. Шабуылдың қайдан және қалай болғанын талдау: қай сілтеме, қандай әрекет немесе қандай сайт арқылы шабуыл жасалғанын анықтау – болашақта мұндай жағдайдың алдын алуға көмектеседі. Бұл талдау жеке тәжірибе ретінде де, ұйымдық қауіпсіздік шараларын жетілдіру үшін де маңызды.

– Қазақстандағы киберқауіпсіздік саласының дамуы туралы не ойлайсыз? Қандай заңнамалық немесе инфрақұрылымдық өзгерістер қажет?

– Киберқауіпсіздік бойынша Қазақстан алдыңғы қатарда деп дөп айта

4. *Ограничение доступа к другим сайтам и сервисам:* если атака могла распространиться через один аккаунт на другие сервисы, необходимо временно заблокировать соответствующие учетные записи или сменить пароли, усилив меры безопасности.

5. *Полная проверка устройства:* возможно, вредоносная программа уже проникла на компьютер или смартфон. Следует провести полное сканирование с помощью надежного антивируса и удалить подозрительные файлы.

6. *Обращение к специалистам по кибербезопасности или в соответствующие органы:* если атака носит крупный характер или существует риск утечки данных, рекомендуется обратиться к специалистам по кибербезопасности или в правоохранительные органы. Они помогут определить характер атаки и окажут техническую поддержку.

7. *Создание резервной копии данных:* важную информацию следует перенести в безопасное хранилище – на внешний диск или в надежное облако. Это позволит восстановить данные в случае их потери.

8. *Анализ источника и механизма атаки:* выяснение, через какую ссылку, действие или сайт произошла атака, поможет предотвратить подобные случаи в будущем. Такой анализ важен как для личного опыта, так и для совершенствования организационных мер безопасности.

– Что Вы думаете о развитии сферы кибербезопасности в Казахстане? Какие законодательные или инфраструктурные изменения необходимы?

– Есть основания утверждать, что Казахстан находится в числе лиде-



аламын. Оған дәлел KazHackStan ұжымының жұмыстары. Қазіргі кезде мемлекеттік сайттардың және азаматтардың жеке деректерін сақтау бойынша жұмыстар жүргізіп келеді. Соңғы жылдары киберқауіпсіздік бойынша жыл сайын конференциялар өткізіп , шетелдік эксперттердің білімімен де бөлісіп жатыр.

Алайда бұл сала үнемі дамуды қажет етеді. Заңнамалық нақтылау, инфрақұрылымды нығайту және халықтың цифрлық мәдениетін арттыру – осы бағыттағы келесі маңызды қадамдар.

Халықаралық нормаларға сәйкес, әрбір адам интернетке қол жеткізу құқығына ие. Сондықтан мемлекет барлық азаматтарға ортақ әмбебап заң енгізе алмайды – әр адамның цифрлық кеңістікте өз құқықтары бар. Дегенмен, жалпы цифрлық сауаттылық пен сақтықты арттыруға бағытталған тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыруға болады.

Ең алдымен, балалар мен жасөспірімдердің интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арнайы ережелер мен білім беру бағдарламаларын енгізу маңызды.

Екіншіден, ұлттық киберқауіпсіздік орталықтарын күшейтіп, оларды тек шабуылдарға жауап беретін емес, алдын алу, мониторинг және халықты ақпараттандырумен айналысатын мекемелерге айналдыру қажет. Жергілікті деңгейде де цифрлық сауаттылықты арттыру, қарапайым қауіпсіздік ережелерін үйрету – маңызды қадам.

Үшіншіден, мектептер мен балабақшаларда цифрлық қауіпсіздік негіздерін үйрету, ата-аналар мен мұғалімдерге арналған нұсқаулықтар мен тренингтер ұйымдастыру – болашақ ұрпақты интернеттегі қауіптерден қорғаудың тиімді жолы.

– Баланы интернеттегі қауіптерден қорғау үшін ата-ана мен мұғалім қандай нақты әрекеттер жасауы керек?

– Жасөспірімдерге арналған шектеулі қолжетімділік бағдарламаларын пайдалану және баланың телефондағы белсенділігін бақылау – бүгінде ата-аналарға қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қолжетімді мүмкіндіктердің бірі болып табылады.

Ең алдымен, ата-ана баланың құрылғысында қандай қосымшалар ор-

ров в сфере кибербезопасности. Это подтверждается работой команды KazHackStan. В настоящее время ведется активная работа по защите государственных сайтов и персональных данных граждан. В последние годы ежегодно проводятся конференции по кибербезопасности, где делятся опытом и знаниями зарубежные эксперты.

Однако это область, требующая постоянного развития. Законодательная конкретизация, укрепление инфраструктуры и повышение цифровой культуры населения – следующие важные шаги в этом направлении.

Если учитывать международные нормы, согласно которым доступ к интернету должен быть у каждого человека, то государство не может ввести универсальный закон для всех – у каждого человека есть свои права в цифровом пространстве. Тем не менее можно проводить воспитательные мероприятия, направленные на повышение общей цифровой грамотности и осторожности.

Во-первых, для обеспечения безопасности детей и подростков в интернете важно внедрить специальные правила и образовательные программы.

Во-вторых, необходимо усилить национальные центры кибербезопасности, превратив их не только в структуры, реагирующие на атаки, но и в учреждения, занимающиеся профилактикой, мониторингом и информированием населения. На местном уровне также важно повышать цифровую грамотность и обучать базовым правилам безопасности.

В-третьих, преподавание основ цифровой безопасности в школах и детских садах, организация инструктажей и тренингов для родителей и педагогов – эффективный способ защитить будущее поколение от онлайн-угроз.

– Какие конкретные действия должны предпринимать родители и учителя, чтобы защитить ребенка от онлайн-угроз?

– Использование программ с ограниченным доступом для подростков и контроль активности ребенка на телефоне – сегодня такие возможности доступны родителям в целях безопасности.

В первую очередь родителям необходимо знать, какие приложения установлены на устройстве ребенка, с кем он общается и какие сайты посещает.

Баланы интернеттегі қауіптерден қорғау – тек техникалық шаралармен шектелмейтін, тәрбиелік және сенімге негізделген кешенді жұмыс. Қазіргі таңда ата-аналар мен мұғалімдерге арналған түрлі құралдар мен мүмкіндіктер бар, бірақ ең маңыздысы – баламен ашық диалог орнату және саналы қолдану мәдениетін қалыптастыру.

Защита ребенка в интернете – это не только технические меры, но и комплексная работа, основанная на воспитании и доверии. На сегодняшний день существуют различные инструменты и возможности для родителей и педагогов, но самое важное – это открытый диалог с ребенком и формирование культуры осознанного цифрового поведения.

натылғанын, кіммен байланыс жасайтынын, қандай сайттарға кіретінін білуі керек. Бұл үшін арнайы шектеу қоюға арналған бағдарламалар мен ата-ана бақылауы функциялары бар – мысалы, *Google Family Link, Apple Screen Time* немесе *Kaspersky Safe Kids* секілді құралдар арқылы экран уақыты мен мазмұнды бақылауға болады. Бірақ бұл бақылау баланың жеке кеңістігін толық шектеу емес, қауіпсіздік пен сенімділік арасындағы тепе-теңдікті сақтау болуы тиіс.

Мұғалімдер тарапынан да нақты әрекеттер қажет: мектеп бағдарламасына цифрлық қауіпсіздік негіздерін енгізу, балаларға фишинг, кибербуллинг, жалған ақпарат секілді қауіптерді түсіндіру, және интернеттегі этикалық мінез-құлықты үйрету. Сабақ барысында нақты мысалдар келтіріп, балалардың өз тәжірибесімен бөлісуіне мүмкіндік беру – олардың саналы әрекет етуіне жол ашады.

Сонымен қатар, ата-аналар мен мұғалімдер баланың сенім артуына жағдай жасауы керек. Егер бала интернетте күмәнді жағдайға тап болса, оны жасырмай, ересекке айтуға қорықпайтындай орта қалыптастыру – ең тиімді қорғаныс. Баламен бірге қауіпсіздік ережелерін талқылау, ортақ келісімдер жасау (мысалы: «Таныс емес адамнан келген хабарламаны ашпаймыз», «Жеке ақпаратты ешкімге бермейміз») – деген секілді қарапайым, бірақ маңызды қағидалар – баланың саналы әрекет етуіне көмектеседі.

– Киберқауіпсіздік пен психология арасындағы байланыс туралы не айта аласыз? Адамдардың мінез-құлқы қауіпсіздікке қалай әсер етеді?

– Күнделікті қолданып жүрген сайт, қолданбалардағы алгоритмдер

Для этого существуют специальные программы родительского контроля, например, *Google Family Link, Apple Screen Time* или *Kaspersky Safe Kids,* которые позволяют отслеживать экранное время и контролировать контент. Однако такой контроль не должен полностью ограничивать личное пространство ребенка, а должен сохранять баланс между безопасностью и доверием.

Со стороны педагогов также необходимы конкретные действия: введение основ цифровой безопасности в школьную программу, объяснение детям таких угроз, как фишинг, кибербуллинг, дезинформация, а также обучение этичному поведению в интернете. Приведение реальных примеров и возможность детям делиться собственным опытом на уроках помогает формировать осознанное поведение.

Кроме того, родители и учителя должны создавать условия для доверия. Если ребенок столкнулся с подозрительной ситуацией в интернете, он не должен бояться рассказать об этом взрослым. Создание такой атмосферы – самая эффективная защита. Обсуждение правил безопасности вместе с ребенком, совместные договоренности (например: «Не открываем сообщения от незнакомцев», «Не передаем личную информацию» и др.) – это простые, но важные принципы, которые помогают ребенку действовать осознанно.

– Что вы можете сказать о связи между кибербезопасностью и психологией? Как поведение людей влияет на уровень безопасности?

– Алгоритмы сайтов и приложений, которые мы используем ежедневно, формируют схожее мышление у разных людей. Это инструмент, напрямую воздействующий на нашу психологию.



адамдарды бірдей ойландырып жатыр. Бұл біздің психологияға тікелей әсер ететін құрал. Күнделікті қолданатын тиктоктағы видеолардың екі-үш доскa бірдей шығуы кездейсоқ емес. Сондықтан телефонға тәуелділікті азайтқан, мүмкін болса жойған дұрыс.

Адамдардың интернеттегі әрекеттері – қауіпсіздік деңгейіне тікелей әсер етеді. Мысалы, қызығушылықпен белгісіз сілтемені басу, эмоциялық күйзеліс кезінде жеке деректерді бөлісу, немесе әлеуметтік желідегі танымал трендке еріп, жеке ақпаратты жариялау – мұның бәрі шабуылдаушылар үшін ашық есік. Кибершабуылдардың басым бөлігі техникалық емес, психологиялық әдістерге негізделген: фишинг хаттар адамның сеніміне, қорқынышына немесе қызығушылығына әсер ету арқылы жұмыс істейді.

Сондықтан киберқауіпсіздікті күшейту үшін адамның цифрлық мінез-

Телефонға тәуелділікті азайту – тек уақытты үнемдеу емес, сонымен қатар қауіпсіздікті арттырудың бір жолы. Құрылғыны шектеулі қолдану, мазмұнды сүзу, және ақпараттық диета ұстану – адамның психологиялық тұрақтылығын сақтап, киберқауіптерге қарсы тұру қабілетін арттырады.

То, что одни и те же видео в TikTok появляются у двух-трех друзей одновременно, – это не случайность. Поэтому важно снижать зависимость от телефона, а при возможности вовсе избавляться от нее.

Действия людей в интернете напрямую влияют на уровень безопасности. Например, переход по неизвестной ссылке из любопытства, публикация личных данных в состоянии эмоционального стресса или участие в популярных трендах с раскрытием информации – все это открывает двери для злоумышленников. Большинство кибератак основаны не на технических, а на психологических методах: фишинговые письма воздействуют на доверие, страх или интерес человека.

Поэтому для усиления кибербезопасности необходимо изменить цифровое поведение человека. Это включает формирование культуры осознанного использования, сохранение эмоциональной устойчивости, критическое восприятие информации и знание цифровых границ.

– Какие конкретные рекомендации Вы бы дали для обеспечения цифровой безопасности детей и подростков?

– Я бы предложил проводить уроки по общей цифровой безопасности и включить их в школьную программу. Обеспечение цифровой безопасности детей и подростков – одна из важнейших задач

құлқын өзгерту қажет. Бұл – саналы қолдану мәдениетін қалыптастыру, эмоциялық тұрақтылықты сақтау, ақпаратты сын көзбен қабылдау және цифрлық шекараларды білу.

– Балалар мен жасөспірімдердің цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай нақты ұсыныстар берер едіңіз?

– Жалпы қауіпсіздік бойынша сабақ өтуді , оны мектеп бағдарламасына енгізуді ұсынар едім. Балалар мен жасөспірімдердің цифрлық қауіпсіздігін қамтамасыз ету – бүгінгі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Сіздің ұсынысыңыз өте орынды: қауіпсіздік бойынша арнайы сабақтарды мектеп бағдарламасына енгізу – бұл тек білім беру емес, болашақ ұрпақты саналы, жауапты интернет қолданушы ретінде тәрбиелеу. Мұндай сабақтарда балаларға фишинг, кибербуллинг, жалған ақпарат, жеке деректерді қорғау, әлеуметтік желілердегі қауіптер туралы нақты мысалдармен түсіндіру қажет. Сонымен қатар, мұғалімдер мен ата-аналарға арналған тренингтер ұйымдастырып, оларды цифрлық қауіпсіздік саласындағы заманауи тәсілдермен таныстыру маңызды.

Құрылғыларда ата-ана бақылауы функцияларын орнату, экран уақыты мен мазмұнды шектеу, баламен ашық диалог жүргізу – бұл қауіпсіздікті қамтамасыз етудің нақты әрі тиімді жолдары. Баланың интернеттегі әрекетін бақылау ғана емес, оған сенім арту, дұрыс бағыт беру және цифрлық ортада өзін-өзі қорғауға үйрету – ең бастысы. Цифрлық қауіпсіздік – тек техникалық мәселе емес, ол тәрбиелік, мәдени және психологиялық деңгейде қалыптасатын дағды. Сондықтан бұл бағытта жүйелі, кешенді жұмыс қажет.

– Сізге қызықты сұхбат пен оқырмандарымыз үшін маңызды әрі пайдалы кеңестеріңіз үшін алғысымызды білдіреміз.

Сұхбаттасқан
С. Е. Нурахметова,
редактор,
«Өркен» балалардың
әл-ауқатын арттыру
ұлттық ғылыми-практикалық
институты,
Алматы қ

Снижение зависимости от телефона – это не только экономия времени, но и способ повысить уровень безопасности. Ограниченное использование устройств, фильтрация контента и соблюдение информационной диеты помогают сохранить психологическую стабильность и повысить устойчивость к киберугрозам.

современной системы образования. Включение специальных занятий по безопасности в школьную программу – это не просто обучение, а воспитание будущего поколения как осознанных и ответственных пользователей интернета. На таких уроках детям необходимо на конкретных примерах объяснять угрозы фишинга, кибербуллинга, дезинформации, риски в социальных сетях и способы защиты личных данных. Также важно организовывать тренинги для учителей и родителей, чтобы познакомить их с современными подходами в сфере цифровой безопасности.

Установка функций родительского контроля на устройствах, ограничение экранного времени и контента, открытый диалог с ребенком – это конкретные и эффективные меры защиты. Однако важно не только контролировать действия ребенка в интернете, но и доверять ему, направлять и обучать навыкам самозащиты в цифровой среде. Цифровая безопасность – это не только технический вопрос, но и навык, формирующийся на воспитательном, культурном и психологическом уровнях. Поэтому в этом направлении необходима системная и комплексная работа.

– Благодарим Вас за интересное интервью, важные и полезные для наших читателей советы и рекомендации.

Беседовала
С. Е. Нурахметова,
редактор,
Национальный
научно-практический
институт благополучия детей
«Өркен»
г. Алматы

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ МЕН ЖОЛДАРЫ

Н. Н. Жадраева,
педагог-психолог,
Б. Атыханұлы атындағы №36 гимназия,
Алматы қ.

Мейірімсіздік – әлсіздің қаруы,
ал мейірімділік – күшті
адамның қасиеті.
Л. Н. Толстой

Қазіргі заманда жасөспірімдер арасында кеңінен таралып отырған маңызды мәселелердің бірі – буллинг. Бұл – бір немесе бірнеше адамның өз қатарласына қасақана қысым көрсетуі, қорқытуы, психологиялық немесе физикалық түрде жәбір көрсетуі. Буллингтің зардабы – баланың тұлғалық дамуына, психикалық денсаулығына, оқу үлгеріміне, тіпті өмірлік құндылықтарына елеулі әсер етеді.

Б. Атыханұлы атындағы №36 гимназияның 1–11 сынып оқушыларына «Кибербуллингтің және буллингтің алдын алу» мақсатында жасалған QR код туралы түсіндірме жұмыстарын жүр-

Н. Н. Жадраева,
педагог-психолог,
гимназия №36 им. Б. Атыханұлы,
г. Алматы

Жестокость – оружие слабого,
а доброта – качество
сильного человека.
Л. Н. Толстой

В современном мире одной из актуальных проблем в детско-подростковой среде является буллинг. Это преднамеренное давление, запугивание, психологическое или физическое насилие, совершаемое одним или несколькими лицами по отношению к сверстнику. Последствия буллинга существенно влияют на личностное развитие ребенка, его психическое здоровье, успеваемость, а также жизненные ценности.

Для учащихся 1–11 классов гимназии №36 им. Б. Атыханұлы были проведены разъяснительные работы на тему «Профилактика буллинга и кибербуллинга» с использованием QR-кода. Было



МЕРЫ И СПОСОБЫ ПРЕДОТВРАЩЕНИЯ БУЛЛИНГА СРЕДИ ПОДРОСТКОВ

Сауалнама оқушылар арасындағы буллинг жағдайларының алдын алуға, сондай-ақ мектеп оқушыларының кез келген түрдегі қысымға қарсы тұру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, сауалнамада кәмелетке толмағандарға қатысты немесе олардың тарапынан жасалуы мүмкін құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және бопсалау фактілерін анықтауға арналған сұрақтар да қамтылды.

Анкетирование направлено на профилактику растущих случаев буллинга среди учащихся, создание условий для формирования у школьников навыков противостояния любым видам травли. Также были заданы вопросы на выявление фактов вымогательства, предупреждение противоправных действий со стороны и в отношении несовершеннолетних.

гізілді. QR код арқылы буллинг орын алған жағдайда хабардар етуіне болатындығы айтылып, QR код негізінде келіп түскен ақпараттар құпиялылықты сақтай отырып,оқушылар үшін қауіпсіз орта қалыптастырып, туындаған сұрақтар мен мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік беретіндігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

6–11 сынып оқушыларынан «Сыныпта сізге ыңғайлы ма?» анонимді сауалнамасы алынды. Оқушыларға буллингтің алдын алу бойынша сұрақтар қойылып, бейнеролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

- Оқушылармен тренинг сабақтар өткізіліп, оқушыларға буллингтің себеп-салдары туралы ақпарат берілді. Тренингтерде буллинг жағдайында өзін қорғау, өзгелерге қолдау көрсету жолдары түсіндірілді.
- Пікірсайыстар мен ашық талқылаулар – буллингтің салдары, оның этикалық және заңнамалық аспектілері талқыланады. Бұл шаралар оқушыларға буллингтің ауыр салдарын түсінуге мүмкіндік берді.
- Қолдауңға дайын жеке топтар – буллинг құрбандары мен куәгерлеріне психологтер мен педагогтер тара-

объяснено, что при возникновении буллинга учащиеся могут сообщить об этом через QR-код. Информация, поступающая через QR-код, обрабатывается с соблюдением конфиденциальности, что способствует созданию безопасной среды для школьников и помогает находить решения возникающих вопросов и проблем.

Среди учащихся 6–11 классов была проведена анонимная анкета «Вам комфортно в классе?» В рамках анкетирования были заданы вопросы по профилактике буллинга, показан видеоролик и проведена разъяснительная работа.

- С учащимися были проведены тренинговые занятия, на которых им была предоставлена информация о причинах и последствиях буллинга. На тренингах объяснялись способы самозащиты в ситуации травли и оказания поддержки другим детям.
- Дискуссии и открытые обсуждения: рассматриваются последствия буллинга, его этические и правовые аспекты.
- Группы индивидуальной поддержки: организуются группы, в которых жертвам и свидетелям буллинга оказывается индивидуальная помощь



пынан жеке қолдау көрсететін топтар ұйымдастырылады. Бұл топтар арқылы оқушылар өз сезімдерін бөлісіп, көмек ала алады.

- Ата-аналарға арналған жиналыстар – ата-аналарға буллингтің алдын алу әдістері түсіндіріледі, балаларының жағдайын бақылау үшін кеңестер беріледі.

Буллингтің алдын алу жолдары:

1. *Мектепте қауіпсіз орта қалыптастыру.* Әр оқушы өзін құрметтелетін, тыңдалатын, бағаланатын тұлға ретінде сезінуі тиіс. Сынып пен мектеп аумағында әділеттілік, сенім және қамқорлық атмосферасын қалыптастыру маңызды.

со стороны психологов и педагогов. Через эти группы учащиеся могут поделиться своими проблемами и получить помощь.

- Родительские собрания, на которых объясняются методы профилактики буллинга, даются рекомендации по наблюдению за состоянием детей и подростков.

Пути предотвращения буллинга

1. *Создание безопасной среды в школе.* Каждый ученик должен чувствовать себя уважаемой, услышанной и ценной личностью. Важно формировать атмосферу справедливости, доверия и заботы в классе и школе.





2. *Психологиялық жұмыстар жүргізу.* Мектеп психологі жүйелі түрде тренингтер, жеке және топтық әңгімелер, психодиагностикалық жұмыстар арқылы буллингке бейім мінез-құлықты және құрбан болуға бейім балаларды ерте кезеңде анықтауы қажет.

3. *Ата-анамен бірлесе жұмыс жасау.* Ата-аналар баласының мектептегі көңіл-күйін бақылап, ашық сөйлесіп, қолдау көрсетуі қажет. Үй мен мектеп арасындағы байланыстың беріктігі – баланың қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

4. *Киберқауіпсіздік дағдыларын үйрету.* Оқушыларды интернеттегі қауіп-қатерлерден қорғау мақсатында кибербуллингке қарсы білім беру, қауіпсіздік ережелерін түсіндіру қажет.

5. *Тұлғалық және рухани тәрбие беру.* Балаларға сыйластық, қамқорлық, жанашырлық сияқты адами құндылықтарды тәрбиелеу арқылы буллингтің алдын алуға болады. Құрметпен өскен бала өзгеге қиянат жасамайды.

Буллингтің алдын алу – мектеп, отбасы және қоғамның ортақ міндеті. Әр бала мейірім мен қамқорлықты сезінуге лайық. Ендеше, олар үшін қауіпсіз, қолайлы орта қалыптастыру – барша-мыздың жауапкершілігіміз.

2. *Проведение психологической работы.* Школьный психолог должен систематически проводить тренинги, индивидуальные и групповые беседы, психодиагностические мероприятия для раннего выявления детей, склонных к буллингу или к роли жертвы.

3. *Совместная работа с родителями.* Родители должны следить за эмоциональным состоянием ребенка, открыто общаться и оказывать поддержку. Прочность связи между семьей и школой напрямую влияет на безопасность детей.

4. *Обучение навыкам кибербезопасности.* С целью защиты учащихся от интернет-угроз необходимо проводить обучение по противодействию кибербуллингу и объяснять правила безопасности в сети.

5. *Личностное и духовное воспитание.* Предотвратить буллинг можно через воспитание таких человеческих ценностей, как уважение, забота и сочувствие. Ребенок, выросший в атмосфере любви и уважения, не причинит вреда другому.

Предотвращение буллинга – общая задача школы, семьи и общества. Каждый ребенок достоин чувствовать тепло и заботу. Поэтому создание безопасной и комфортной среды обучения и воспитания – наша общая цель и солидарная ответственность.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ РӨЛІ

М. Ч. Жакатаева
Өңірлік психологиялық қолдау әдістемелік орталығы, Семей қ.

Білім беру процесіндегі психологиялық қауіпсіздік оқушылардың физикалық және эмоционалдық әл-ауқатының негізі болып, олардың оқу үлгеріміне, әлеуметтік бейімделуіне және жалпы дамуына оң әсер етеді.

Білім беру жүйесінде психологиялық қауіпсіздік жағдайы бала тұлғасының жан-жақты дамуы мен оқудағы жетістіктеріне ғана емес, оның өзін-өзі бағалауы мен әлеуметтік бейімделуіне де айтарлықтай ықпал етеді. Мектептегі және жалпы білім беру ұйымдарындағы қауіпсіз атмосфера білім алушылардың психологиялық қолдауға ие болуына, өздерін жайлы сезінуіне мүмкіндік береді. Мұндай ортада балалардың өз ойларын еркін жеткізуге, қарым-қатынастарын нығайтуға, жеке қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туғызады, бұл жалпы білім сапасына оң әсер етеді.

М. Ч. Жакатаева,
Региональный методический центр психологической поддержки, г. Семей

Психологическая безопасность в образовательном процессе является основой физического и эмоционального благополучия учащихся, положительно влияя на их успеваемость, самооценку, социальную адаптацию и общее развитие, способствуя творческому и личностному росту.

Безопасная атмосфера в школе и других образовательных учреждениях способствует получению психологической поддержки учащимися, создает условия для их комфортного самочувствия. В такой среде дети могут свободно выражать свои мысли и чувства, укреплять взаимоотношения, развивать личные способности, что положительно влияет на общее качество образования.

Инновационные методы *– это совокупность современных технологий и подходов, направленных на раз-*

Қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялардың дамуы, цифрландыру және әлеуметтік өзгерістер жағдайында мектепте кездесетін психологиялық қауіпсіздік мәселелерінің түрлері де күрделене түсуде. Көптеген балалар түрлі деңгейдегі психологиялық қысымға, буллинг пен эмоционалды күйзеліске ұшырауда, бұл олардың оқу процесіне деген ынтасы мен денсаулығына әсерін тигізеді. Осыған орай, білім беру саласында психологиялық қауіпсіздік мәселесін шешу үшін инновациялық әдістерді қолдану қажеттілігі туындауда.

В условиях развития информационных технологий, цифровизации и социальных изменений в современном обществе проблемы психологической безопасности в школе становятся все более сложными. Многие дети подвергаются психологическому давлению, буллингу и эмоциональному стрессу, что влияет на их мотивацию к обучению и здоровье. В связи с этим возникает необходимость применения инновационных методов для решения проблем психологической безопасности в сфере образования.

РОЛЬ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В СОВРЕМЕННЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

Инновациялық әдістер *– бұл оқушылардың эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын дамытуды, ұжым ішінде қауіпсіз қарым-қатынас орнатуды қамтамасыз ететін заманауи технологиялар мен тәсілдер жиынтығы.* Мұндай әдістер арқылы балаларды қиын жағдайлардан шығу, өзін-өзі қорғау, күйзеліс және агрессиямен күресу дағдыларын үйрету жүзеге асады. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қауіпсіздікке қатысты осы әдістерді енгізу тек оқу орындары деңгейінде ғана емес, қоғам үшін де маңызды. Сондықтан қазіргі таңда психологиялық қауіпсіздікке бағытталған инновациялық әдістерді қолдану білім беру ортасын жақсартудың және оның тиімділігін арттырудың маңызды қадамы болып табылады.

Инновациялық әдістер

- *Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту (SEL):* әлеуметтік және эмоциялық дағдыларды дамыту арқылы балалардың өздерін қауіпсіз сезінуі.
- *Психологиялық қолдаудың интерактивті технологиялары:* анимациялық материалдар, ойындық тапсырмалар, цифрлық қосымшалар және психологиялық жағдайды диагностикалау құралдары.
- *Ресурс топтарын ұйымдастыру:* психологтер мен педагогтер, ата-аналар арасындағы тұрақты байланыс және қолдау тобының құрылымы.

Білім беру ұйымдарында психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданылатын инновациялық әдістер әртүрлі бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Олар балалардың әлеуметтік, эмоциялық және психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, олардың әлеуетін толықтай іске асыруға бағытталған. Бұл тәсілдер арқылы білім беру ұйымдарында балаларға қауіпсіз және жайлы орта қалыптастыруға болады.

витие эмоциональных и социальных навыков учащихся, обеспечение безопасного взаимодействия в коллективе. С помощью таких методов осуществляется обучение детей навыкам выхода из сложных ситуаций, самозащиты, борьбы со стрессом и агрессией. Применение инновационных методов, направленных на обеспечение психологической безопасности, является важным шагом в улучшении образовательной среды и повышении ее эффективности.

Инновационные методы

- *Социально-эмоциональное обучение (SEL):* развитие социальных и эмоциональных навыков способствует тому, что дети чувствуют себя в безопасности.
- *Интерактивные технологии психологической поддержки:* анимационные материалы, игровые задания, цифровые приложения и инструменты диагностики психологического состояния.





Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту (Social and Emotional Learning, SEL) – бұл балаларға өзін-өзі тану, эмоцияларды басқару, эмпатия, қарым-қатынас орнату және жауапты шешім қабылдау дағдыларын дамытатын кешенді тәсіл. SEL әдістері балалардың өздерін қауіпсіз сезінуін қамтамасыз ете отырып, оларды қоршаған ортамен сенімді қарым-қатынас орнатуға үйретеді. Бұл әдіс балалардың өз эмоцияларын дұрыс тануына және реттеуіне, қиын жағдайлардан шыға алу қабілетін дамытуға көмектеседі. Даниэль Гоулманның (Daniel Goleman) 1995 жылы шыққан «*Эмоциялық интеллект*» кітабы SEL әдісінің теориялық негізін қалады. Бұл кітапта эмоциялық интеллекттің (EQ) IQ сияқты маңызды екендігі және оның жеке тұлғаның жетістігіне әсері талқыланған.

1994 жылы АҚШ-та *Collaborative for Academic, Social, and Emotional Learning* (CASEL) ұйымы құрылды. Бұл ұйым SEL әдісін жүйелі түрде дамыту мен оны мектеп бағдарламаларына енгізуді басты мақсаты етті.

CASEL SEL әдісінің бес негізгі компонентін анықтады.

1. Өзін-өзі тану (Self-awareness)
2. Өзін-өзі басқару (Self-management)
3. Әлеуметтік таным (Social awareness)
4. Қарым-қатынас дағдылары (Relationship skills)
5. Жауапты шешім қабылдау (Responsible decision-making)

2000 жылдардан бастап SEL бағдарламалары АҚШ-тағы және әлемнің басқа елдеріндегі мектептерге енгізіле бастады. SEL-дің негізгі мақсаты ретінде балалардың мектепте өзін еркін сезінуі, өз эмоцияларын басқара

- *Организация ресурсных групп:* структура устойчивой связи и поддержки между психологами, педагогами и родителями.

Инновационные методы, применяемые для обеспечения психологической безопасности в образовательных организациях, реализуются по различным направлениям: удовлетворение социальных, эмоциональных и психологических потребностей детей, полная реализация их потенциала. С помощью этих подходов возможно формирование безопасной и комфортной среды для детей в образовательных учреждениях.

Социально-эмоциональное обучение (Social and Emotional Learning, SEL) *– это комплексный подход, направленный на развитие у детей навыков самопознания, управления эмоциями, эмпатии, установления взаимоотношений и принятия ответственных решений.* Методы SEL помогают детям чувствовать себя в безопасности и учат их уверенно взаимодействовать с окружающей средой. Этот подход способствует правильному распознаванию и регулированию эмоций, а также развитию способности справляться с трудными ситуациями. Книга Даниэля Гоулмана «Эмоциональный интеллект», вышедшая в 1995 г., заложила теоретическую основу метода SEL. В ней утверждается, что эмоциональный интеллект (EQ) столь же важен, как и IQ, и оказывает влияние на успех личности.

В 1994 г. в США была основана организация *Collaborative for Academic, Social, and Emotional Learning (CASEL),* целью которой стало системное развитие SEL и его внедрение в школьные программы.

CASEL определила пять основных компонентов SEL.

1. Самопознание (*Self-awareness*)
2. Самоуправление (*Self-management*)
3. Социальная осведомленность (*Social awareness*)
4. Навыки общения (*Relationship skills*)
5. Ответственное принятие решений (*Responsible decision-making*)

С начала 2000-х годов программы SEL начали внедряться в школах США и других стран мира. Основной целью SEL стало создание условий, при которых дети чувствуют себя свободно в школе, умеют управлять своими эмо-

білуі және басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауы белгіленді.

2010 жылдардан бастап SEL әдісі цифрлық технологияларды пайдалана отырып, жаңа деңгейге көтерілді. Онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар арқылы балалар мен мұғалімдер SEL бағдарламаларын тиімді түрде қолдана бастады.

Бүгінгі таңда SEL әдісі тек мектептерде ғана емес, сонымен қатар кәсіби даму, жоғары білім беру және ата-аналармен жұмыс сияқты салаларда да қолданылады.

SEL әдісінің таралуы мен қолданысы. Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту бағдарламалары (Social and Emotional Learning, SEL) психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және білім сапасын арттыру мақсатында Қазақстанды қоса алғанда, әлемнің көптеген елдерінде енгізілуде.

SEL әдісі оқушылардың эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуда мектеп психологтерінің, мұғалімдердің және ата-аналардың бірлесе жұмыс істеуін талап етеді.

SEL әдісінің маңыздылығы

- *Психологиялық қауіпсіздік:* SEL оқушылардың мектеп ортасында өзін жайлы және қауіпсіз сезінуіне көмектеседі.
- *Академиялық жетістіктер:* Эмоционалдық тұрақтылық пен жақсы қарым-қатынастар үлгерімге оң әсер етеді.
- *Әлеуметтік байланыстар:* SEL балалардың әлеуметтік қарым-қатынастарын қолдап, достық қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.
- *Болашақ ересек өмірге дайындық:* SEL балаларға қазіргі еңбек нарығында қажет икемді (soft skills) дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Интерактивті технологиялар психологиялық қолдауды жеңіл әрі қолжетімді етеді. Қазіргі заманғы технологиялар білім беру ұйымдарында психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөлге ие. Әсіресе, анимациялық материалдар, ойындық тапсырмалар, цифрлық қосымшалар және психологиялық жағдайды диагностикалау құралдары балалар-

циями и эффективно взаимодействовать с окружающими.

С 2010-х годов метод SEL вышел на новый уровень благодаря использованию цифровых технологий. Онлайн-платформы и мобильные приложения позволили детям и учителям эффективно применять программы SEL.

На сегодняшний день метод SEL используется не только в школах, но и в сферах профессионального развития, высшего образования и работы с родителями.

Распространение и применение SEL. Программы *социально-эмоционального обучения* (*Social and Emotional Learning, SEL*) внедряются во многих странах мира, включая Казахстан, с целью обеспечения психологической безопасности и повышения качества образования.

Метод SEL требует совместной работы школьных психологов, учителей и родителей для развития эмоциональных и социальных навыков учащихся.

Значимость метода SEL

- *Психологическая безопасность:* SEL помогает учащимся чувствовать себя комфортно и безопасно в школьной среде.
- *Академические достижения:* эмоциональная стабильность и хорошие взаимоотношения положительно влияют на успеваемость.
- *Социальные связи:* SEL способствует поддержке детей в социальных взаимодействиях и укреплению дружеских отношений.
- *Подготовка к будущей взрослой жизни:* SEL помогают детям развивать гибкие (мягкие) навыки, необходимые на современном рынке труда.

Интерактивные технологии психологической поддержки. Современные технологии играют важную роль в обеспечении психологической безопасности в образовательных организациях, делая ее более простой и доступной. Особенно эффективны анимационные материалы, игровые задания, цифровые приложения и инструменты диагностики психологического состояния.

дың психологиялық дамуын қолдауда тиімді.

Интерактивті технологиялардың артықшылықтары

- *Психологиялық білімді жеңіл әрі қызықты түрде жеткізу:* анимациялық материалдар мен ойын тапсырмалары арқылы оқушыларға психологиялық білім беру оқыту үдерісін тартымды етеді
- *Оқушылардың психологиялық жағдайын бақылау:* цифрлық қосымшалар арқылы оқушылардың эмоционалдық күйін үнемі бақылап, қажет болған жағдайда жедел көмек көрсетуге мүмкіндік береді
- *Жеке ерекшеліктерді анықтау және қолдау көрсету:* психологиялық диагностика құралдарын қолдану арқылы әр оқушының жеке ерекшеліктері анықталып, дербестендірілген психологиялық қолдау ұсынылады

Білім беру ұйымдарында психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тағы бір маңызды аспектісі – ресурс топтарын ұйымдастыру. Бұл топтар психологтер, педагогтер және ата-аналар арасындағы тұрақты байланыс пен қолдауға негізделеді. Ресурс топтары әртүрлі қиындықтарды анықтап, оларға тиімді шешім табу үшін біріге отырып жұмыс істейді.

Преимущества интерактивных технологий

- Передача психологических знаний учащимся в легком и увлекательном формате с помощью анимационных материалов и игровых заданий
- Мониторинг психологического состояния учащихся через цифровые приложения и оперативное предоставление помощи при необходимости
- Использование инструментов психологической диагностики для выявления индивидуальных особенностей каждого ученика и предоставления персонализированной поддержки

Еще одним важным аспектом обеспечения психологической безопасности в образовательных организациях является ***создание ресурсных групп.*** Эти группы основаны на устойчивом взаимодействии и поддержке между психологами, педагогами и родителями. Ресурсные группы работают совместно для выявления различных трудностей и поиска эффективных решений.

Преимущества ресурсных групп

- Обмен опытом и повышение квалификации между психологами и педагогами
- Предоставление психологической поддержки родителям и информи-



Цифрлық платформалар мен қосымшалар *білім беру мекемелеріндегі психологтер мен мұғалімдерге балалардың күйзеліс деңгейін бақылап, қауіпсіз ортаны қамтамасыз етуде көмек береді. Осылайша, мектептегі психологиялық қолдау қызметі интерактивті, қолжетімді және балалардың қызығушылығын арттыратын формада ұсынылады.*

Цифровые платформы и приложения *помогают школьным психологам и педагогам отслеживать уровень стресса у детей и обеспечивать безопасную среду. Таким образом, служба психологической поддержки в школе представлена в интерактивной, доступной и интересной для детей форме.*

Ресурс топтарының артықшылықтары

- Психологтер мен педагогтер арасындағы тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыру
- Ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету және балалардың психологиялық жағдайы туралы ақпарат беру
- Оқушылардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұжым ішінде бірлескен жұмыс жүргізу

Психологиялық қауіпсіздік тәжірибесі

- Мектепте психологиялық қызметті ұйымдастыру
- Психологтердің кәсіби дамуына арналған тренингтер
- Психологиялық диагностика және сауалнама әдістерін қолдану

Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану арқылы білім беру мекемелері оқушылардың өзін-өзі бағалауын нығайтуға, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға, айналасындағылармен тиімді қарым-қатынас орнатуға және мектеп өміріне белсенді қатысуына жағдай жасайды.

Психологиялық қауіпсіздік деңгейінің артуы білім сапасына ғана емес, оқушылардың өмірлік маңызды құндылықтары мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастыруға да әсер етеді. Мектептерде SEL (әлеуметтік-эмоциялық оқыту) әдісінің кеңінен енгізілуі қоғамның жауапты, эмоциялық тұрғыдан тұрақты және әлеуметтік белсенді ұрпақты тәрбиелеуге ұмтылысын көрсетеді. Сондықтан бұл әдістің білім беру жүйесінде жүйелі қолдау тауып, әр мектептің күнделікті тәжірибесіне интеграциялануы аса маңызды.

рование их о психологическом состоянии детей
- Совместная работа внутри коллектива с целью обеспечения психологической безопасности учащихся

Практика психологической безопасности

- Организация психологической службы в школе
- Тренинги для профессионального развития психологов
- Применение методов психологической диагностики и анкетирования

Благодаря применению инновационных методов и технологий образовательные учреждения создают условия для укрепления самооценки учащихся, развития навыков саморегуляции, эффективного взаимодействия с окружающими, вовлечения в школьную жизнь.

Повышение уровня психологической безопасности влияет не только на качество образования, но и на формирование у учащихся жизненно важных ценностей и моделей поведения. Широкое внедрение метода SEL в школах демонстрирует стремление общества воспитать ответственное, эмоционально устойчивое и социально активное поколение. Поэтому важно, чтобы данный метод получил системную поддержку в образовательной системе и был интегрирован в повседневную практику каждой школы.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – ЗАҢМЕН ҚОРҒАЛҒАН ҚҰНДЫЛЫҚ



БЕЗОПАСНОСТЬ ДЕТЕЙ – ЦЕННОСТЬ, ЗАЩИЩЕННАЯ ЗАКОНОМ

Әр бала – қоғамның болашағы. Олардың қауіпсіздігі мен құқықтарының қорғалуы – мемлекет пен ата-аналардың ортақ міндеті.

Әлеуметтік маңызы зор бұл тақырыпты тереңірек талдау мақсатында біз *«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институтының заңгері* ***Маржан Ерланқызы Каттаубаевамен*** *сұхбаттасып*, Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдерді құқықтық қорғау тетіктері, мектептер мен құқық қорғау органдарының өзара әрекеттестігі, сондай-ақ ата-аналардың заң алдындағы жауапкершілігі туралы толығырақ білдік.

– Балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қандай ұлттық заңдар мен халықаралық конвенциялар қолданылады?

– Қазақстанда балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігі ұлттық заңнамаға, сондай-ақ ел қосылған халықаралық конвенцияларға сәйкес реттеледі. Негізгі құжаттар мыналар:

Қазақстан Республикасының ұлттық заңдары

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы
2. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексі
3. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі
6. Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» заңы
7. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы

Қазақстан ратификациялаған халықаралық құжаттар

1. Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы
2. Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясына факультативтік хаттамалар
3. Еңбек жөніндегі Халықаралық Ұйымның №182 конвенциясы – балалар еңбегінің ең нашар түрлерін жоюға бағытталған тыйым салу және шұғыл шаралар туралы

– Мектеп аумағында баланың құқықтары бұзылған жағдайда

Каждый ребенок – будущее общества. Его безопасность, защита прав и законных интересов – общая обязанность государства и родителей.

С целью более глубокого анализа этой важной темы мы побеседовали с *юристом Национального научно-практического института благополучия детей «Өркен»* ***Маржан Ерланқызы Каттаубаевой*** и узнали подробнее о механизмах правовой защиты детей и подростков в Казахстане, взаимодействии школ и правоохранительных органов, а также об ответственности родителей перед законом.

– Какие национальные законы и международные конвенции используются в обеспечении безопасности детей и подростков?

– В Казахстане безопасность детей и подростков регулируется национальным законодательством, а также международными конвенциями, к которым страна присоединилась. Вот основные из них.

Национальные законы Республики Казахстан

1. Конституция Республики Казахстан
2. Кодекс Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье»
3. Закон РК «О правах ребенка в Республике Казахстан»
4. Кодекс об административных правонарушениях
5. Уголовный кодекс Республики Казахстан
6. Закон Республики Казахстан «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних»
7. Закон Республики Казахстан «Об образовании»

Международные документы, ратифицированные Казахстаном

1. Конвенция ООН о правах ребенка
2. Факультативные протоколы к Конвенции ООН о правах ребенка
3. Конвенция МОТ №182 о запрещении и немедленных мерах по искоренению наихудших форм детского труда

– Как распределяется ответственность между родителями, школой и правоохранительными органами в случае нарушения прав ребенка на территории школы?

– Образовательная организация (школа) обязана:

- обеспечить безопасные условия обучения;



ата-аналар, мектеп және құқық қорғау органдары арасындағы жауапкершілік қалай бөлінеді?

– Білім беру ұйымы (мектеп) міндетті:

- оқу үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етуге;
- зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кемсітудің барлық түрлерінің алдын алуға;
- баланың құқықтарының бұзылу фактілеріне дереу әрекет етуге;
- оқиғаларды құжат түрінде тіркеп, уәкілетті органдарға хабарлауға;
- қажет болған жағдайда полицияға хабарлауға.

Ата-аналар (заңды өкілдер) міндетті:

- баланы тәрбиелеуге, өзгелердің құқықтарына құрметпен қарауды үйретуге;
- мектеппен ынтымақтаса жұмыс істеуге және баланың тәртібін бақылауға;
- баланың құқықтарын қорғауға, оның ішінде тиісті органдарға жүгіну арқылы.

Құқық қорғау органдары міндетті:

- баланың құқықтарын Қылмыстық-процестік кодекс және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заң аясында қорғауға;
- предотвращать любые формы насилия, буллинга, дискриминации;
- немедленно реагировать на факты нарушения прав ребенка;
- документально фиксировать инциденты и информировать уполномоченные органы;
- в случае необходимости сообщать в полицию.

Родители (законные представители) обязаны:

- воспитывать ребенка, прививая уважение к правам других людей;
- следить за поведением ребенка;
- сотрудничать со школой;
- защищать права ребенка, в том числе через обращения в государственные органы.

Правоохранительные органы обязаны:

- защищать права ребенка в соответствии с Уголовно-процессуальным кодексом и Законом «О правах ребенка в Республике Казахстан»;
- принимать меры по заявлениям о насилии, буллинге, дискриминации;
- привлекать виновных к ответственности;
- осуществлять надзор за исполнением законодательства образовательными организациями.

– Какие доказательства необходимы для юридической фиксации факта буллинга или психологического давления?

– Свидетельские показания:

- учителей, одноклассников, других детей или их родителей;
- показания самого пострадавшего;
- показания сотрудников школы (если были жалобы).
- Фото и видеоматериалы:
- записи с камер наблюдения в школе, коридорах, классах;
- видеозаписи с телефонов, если буллинг происходил вне школы.

Скриншоты переписок:

- в мессенджерах (WhatsApp, Telegram), соцсетях и так далее;
- электронные письма, публикации в школьных чатах, группах.
- Медицинские документы:
- заключения врачей, психологов, травматологов;
- справки о психоэмоциональном или физическом состоянии ребенка;
- заключение школьного или независимого психолога.

- зорлық-зомбылық, буллинг, кемсітушілік туралы өтініштер бойынша шаралар қабылдауға;
- кінәлілерді жауапкершілікке тартуға;
- білім беру ұйымдарының заңнаманы сақтауын бақылауға.

– Буллинг немесе психологиялық қысым фактісін заңды түрде тіркеу үшін қандай дәлелдер қажет?

– Куәгердің айғақтары:
- мұғалімдердің, сыныптастардың, басқа балалардың немесе олардың ата-аналарының куәліктері;
- жәбірленушінің өз куәлігі;
- мектеп қызметкерлерінің куәліктері (егер шағымдар болған жағдайда).

